

"Темір жол көлігімен тасымалдаған кезде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы № 344-І бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 24 қыркүйектегі N 431 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 28 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6599 болып енгізілді

«Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Темір жол көлігімен тасымалдаған кезде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы 344-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 3931 болып тіркелген «Заң газеті» газетінің 2005 жылғы 22 желтоқсандағы № 239 (973) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Темір жол көлігімен тасымалдаған кезде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесінде: реттік нөмірі 31-жолдың үшінші бағанындағы «26020000» деген «26170000» деген с а н д а р м е н .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Б.Қ. Уандықов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұ с ы н ы л у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ол алғаш жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я
м и н и с т р і н і ң м і н д е т і н а т қ а р у ш ы Д. Көтербеков